

ҰЖЫМДЫҚ ШАРТ – ӘЛЕУМЕТТІК
ӘРІПТЕСТІКТІҢ ТИІМДІ ДАМУЫНЫҢ КӨРІНІСІ



2

НАУРЫЗ КЕЛДІ КҮН ИГІ



4-5

ХИТ ӘНДЕРДІҢ ИЕСІ - МҰНАЙШЫНЫҢ БАЛАСЫ



8



Embi ТЫНЫСЫ

№3 (87)
НАУРЫЗ
2022 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

Құрметті әріптестер!

Баршаңызды Ұлыстың ұлы күні – әз-Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Халқымыз үшін бұл мерекенің маңызы зор. Бастауы ежелден өрбіген бұл мейрам жаңару мен жасампаздық көрініс табатын, ырыс пен берекенің арқауы болатын тамаша күн деп бағаланған. Ұлтымыздың мерейін өсіріп, болмысымызды айшықтайтын қасиетті – Наурыз мерекесін барша мұсылман қауымы ерекше дайындықпен күткен. Жағымды жаңалықтың жаршысы деп аса жоғары құрметтеген. Бұл орайда, ембілік мұнайшылар да жыл басын - әз -Наурызды ерекше көңіл-күймен қарсы алуды дәстүрге айналдырып келеді. Игі шараларымыз да бар.

Біздің компания қарапайым еңбек адамының әлеуметтік жағдайын жақсартуға әркез басымдық беріп келеді. Жұмысшылардың алаңсыз еңбек етулеріне тиімді жағдайларды жасауды әрдайым өзекті санау – біздің басты мақсатымыз. Бұл бағытта Компанияда 2022-2026 жылдарға арналған Ұжымдық шарт бекітіліп, аталмыш құжатта ұжымның әлеуметтік жағдайын одан сайын жақсарту түсу бағытында ауқымды жұмыстар жоспарланып отыр.

Бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ-да өнім өндіріліп жатқан 32 кен орнының басым бөлігі игерудің соңғы сатысында, қорының алынуы қиын кен орындарының қатарында екені баршамызға белгілі. Алайда, соңғы жылдарда Ембі кен алаңдарында мұнай өндіру мен тапсыруда тұрақтылыққа қол жеткізіп отырмыз. Бұл – түсіне білген адамға үлкен еңбектің нәтижесі.

Жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуды мақсат еткен шараның бірі – 2022 жылдан бастап ембілік мұнайшылардың жалақысы 30 пайызға өсті. Бұл қуанышты жаңалықтар Бас компания басшылығының Ембі өндірісіндегі ауызбіршілікті, татулықты бағалағандықтары, біздің табысты еңбегімізді көре білгендіктері деп түсінеміз. Еңбек дер кезінде бағалануымен құнды деген осы ғой.

Мереке құтты болсын, әріптестер! Бірлігіміз артсын. Жылдан жылға, Наурыздан Наурызға аман-есен жетуге тілекшіміз. Әрқайсыларыңыздың шаңырақтарыңызда құт-береке орнасын!

Наурыз құтты болсын, ағайын!

Игі тілекпен,
«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

Қош келдің,
әз-Наурыз!

Өзекті мәселе

ҰЖЫМДА ҚОЛАЙЛЫ АХУАЛ ҚАЛЫПТАСТЫРУ - ТАБЫСТЫ ЕҢБЕКТИҢ КЕПІЛІ



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның бас кеңсесінде «Самұрық-Қазына» АҚ мен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның басшылығы, жауапты мамандарымен бірлескен жиналыс өтті. Жиын барысында «Ембімұнайгаз» АҚ-ның бүгінгі жағдайы, соның ішінде ұжымдағы әлеуметтік жағдайды жақсарту, еңбек дауларына жол бермеу мәселелері кеңінен әңгіме өзегіне айналды.

Жиналыстың кіріспе сөзінде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары Құрманғазы Есқазиев ембіліктерді Көрісу мерекесімен құттықтап, еңбектеріне табыс тіледі. Бұдан кейін ұжымдағы ішкі ахуалды жақсарту, қарапайым еңбек адамдарымен байланысты нығайту сынды басты мәселелерге ерекше мән бере кетті.

- Елдегі бүгінгі жағдай бізден ұжымішілік байланысты күшейтуге ерекше мән беруді талап етеді. Ұжымдағы ішкі байланысты тұрақты ұстауға бірден-бір жауапты маманның бірі – цех басшылары. Осыған байланысты Ембі өндірісіндегі барлық цех басшысының әрқайсысымен тығыз байланыс орната отырып, әрбір еңбек адамының айтар ұсыныс, пікірлерін назардан тыс қалдырмауға тырысуымыз керек. Өндіріс орындарында даулы мәселелердің негізінен еңбек адамдарының талап-тілектерінің дер кезінде назарға алынбауынан туындап жататыны рас, - деді Құрманғазы Орынғазыұлы.

Жиында «Самұрық-Қазына» АҚ Қоғаммен байланыс және өзгерістерді басқару жөніндегі Басқарушы директоры Ғибрат Ауғанов ұжымдағы еңбек қатынастарын дамыту, еңбекке ақы төлеу, еңбек адамдарының әлеуметтік жағдайын тұрақтандыру және т.б. мәселелерге қатысты қолға алынып жатқан пилоттық жобалар туралы атап өтті. Ғибрат Ауғанов биылғы «Ембімұнайгаз» АҚ-ның дербестік алуына 100 жыл толуына орай «Ембі-100» бағдарламасына қатысты нақты шешімдер қабылданып жатқанын қаперге бере кетті.

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан жұмыс беруші мен жұмысшының арасын жақындату, өзара бірлескен бағыттағы іс-шараларды одан әрі дамыту мақсатында компанияда сенім телефонының жұмыс жасайтынын, телефонға келген әрбір хабарлама, ұсыныс, пікірлердің назардан тыс қалмауы бағытында жұмыстар қолға алынып отырғанын тілге тиек ете отырып, Ембі өндірісіндегі барлық кен алаңдарындағы әлеуметтік нысандардың жұмысын қысқаша баяндады.

Жиында еңбек адамдарының мұқтаждықтары мен талап-тілектеріне жете мән беріп, оған дер кезінде назар аударып отыру – ішкі коммуникацияны жақсартудың төте жолы екендігіне, сол арқылы ұжымдағы әлеуметтік мәселелерді байыпты шешуге жол ашылатындығы жан-жақты айтылды.

Жиынды қорытқан «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының барлау және өндіру жөніндегі орынбасары Құрманғазы Есқазиев «Ембі-100» бағдарламасына қатысты жоспарланған іс-шаралардың қаржылық мәселелері тиімді шешілетінін, қазақ мұнайының «қара шаңырағы» Ембі өндірісінің мерей тойы жоғары деңгейде өтуі назарда ұсталынаатынын нықтап айтты.

Әлеуметтік қолдау

Атырау облысына сапары барысында ҚР Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Сатыбалды Дәулеталин «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының С.Балғымбаев кен орнына барды. Онда өндірістік үдеріс, әлеуметтік әріптестіктің дамуы, «Ембімұнайгаз» АҚ Ұжымдық шартының орындалу барысымен танысып, Жұмыс беруші және кәсіпорын жұмыскерлермен сөйлесті.

ҰЖЫМДЫҚ ШАРТ – ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІКТІҢ ТИІМДІ ДАМУЫНЫҢ КӨРІНІСІ



Кездесу барысында «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-нің бастығы Амангелді Сүлейменов Ұжымдық шарттың мақсаты Жұмыс беруші мен жұмыскерлер арасында келісілген әлеуметтік кепілдіктер арқылы әрбір жұмыскердің әлеуметтік жағдайын жақсарту екендігін атап өтті.

- Кәсіподақ мүшелерімен жаңа ұжымдық шарт жобасын талқылай отырып біз әлеуметтік әріптестік аясында тараптардың мүдделерінің өзара теңдігіне жету секілді тұстарына мән бердік, - деді ол.

Жұмыс беруші мен жұмыскерлердің мүдделерінің теңдігі қалай сақталып жатқаны туралы компанияның кәсіподақ комитеті төрағасы Болат Нсанбаев толығырақ айтып берді.

Сатыбалды Дәулеталин өндірістік үдерістің барлық учаскелеріндегі жұмыскерлердің еңбек жағдайымен танысты. Бұрғы ұңғымасынан бастап, газды әзірлеу пунктін бағдарлық басқармасы, мұнайды әзірлеу және айдау орталық цехының басқармасы және өндірілген мұнайдың сапасын тексеру зертханасына барды. Кен орнындағы жұмысшылар жатақханасы, демалыс орталығы, асхана секілді әлеуметтік нысандар да назардан тыс қалмады.

- Күн сайын кен орнындағы барлық учаскелерде күндізгі кезекте және вахтада шамамен екі жүзге жуық адам істейді. Вахталық әдіспен істейтін жұмыскерлерге барлық жағдай жасалған. Жайлы жатақхана, демалыс орталығы, бес уақыт тамақтандыратын тегін асхана бар, - деді өндірістік-техникалық бөлімі бастығының орынбасары Сәкен Шарапиден.

Жұмысшылар компания тарапынан көрсетілген әлеуметтік қолдауларға риза екендіктерін жеткізді. Қазақстанның сауықтыру орындарында денсаулығын қалпына келтіріп, шипажай ем-домын алуға болатынын атап өтті. Ал, баланы мектепке дайындауға берілетін материалдық көмек және материалдық көмек көрсетілу секілді әлеуметтік пакетпен қамтылып келеді.

ҚР Кәсіподақтар федерациясының төрағасына ілесіп жүрген кәсіподақ белсенділері кәсіпорындағы әлеуметтік-еңбек саясаты тиімділігін арттыру үшін жұмыс берушімен бірлесіп жұмыс істейтіндіктерін айтты.

- Жұмыс берушімен нақты, сындарлы диалог өндірістік-шаруашылық қызметтің бірлескен жемісі үшін екі тараптың жауапкершілігін күшейтеді. Егер жұмыс беруші әлеуметтік бағытқа мән берсе ұжым оған ұдайы қолдау көрсетіп, жұмыста жақсы нәтиже қол жеткізуге тырысады», - деді «Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ комитетінің жетекшісі Болат Нсанбаев.

«Біз кәсіпорын қызметінің көрсеткіші жұмыскерлердің көңіл-күйіне байланысты екенін түсінеміз, сондықтан, кәсіподақ – біздің басты серіктесіміз», - деді кәсіподақ жетекшісінің пікірін қолдаған Жұмыс беруші Амангелді Сүлейменов.

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының әлеуметтік-еңбек қатынастарына жоғары баға бере отырып, ҚР Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Сатыбалды Дәулеталин еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдай қиын кезде қатардағы жұмыскерлерді қолдағаны үшін әлеуметтік әріптестерге алғыс айтты.

«Ембімұнайгаз» секілді әлеуметтік әріптестердің жүйелі өзара қарым-қатынасының құндылығы – еңбек адамына лайықты қарым-қатынасында. Қазіргі кезде ең оңтайлысы – осындай әлеуметтік әріптестік моделін құру, ол мұнай-газ саласындағы барлық кәсіпорындарға үлгі болуы тиіс. Кәсіподақтар федерациясы қолға алған Әлеуметтік әріптестік жылында бұл айрықша маңызды», - деп атап өтті Сатыбалды Дәулеталин.

ҚР Кәсіподақтар федерациясының медиаорталығы

Салтанатты шара

НӘЗІК ЖАНДЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ



8-наурыз - Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай «Ембімұнайгаз» АҚ-ның бас кеңсесінде салтанатты шара өтті. Орталық басқару аппаратының ұжымы Көктем мерекесін, Аналар мейрамын ұйымшылдықпен өткізді.

Салтанатты шара кезінде табысты еңбектерімен топ жарған бір топ ембілік қыз «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Құрмет грамотасымен және Алғыс хатымен марапатталды.

Құрмет грамоталарының иелері:

Айжан Қуантырова, қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаменті еңбек және жалақы бөлімінің жетекші экономисі,

Майя Есеналина, күрделі құрылыс департаменті жобалау- сметалық жұмыстар қызметінің жобалау-сметалық жұмыстар жөніндегі инженері,

Нұргүл Сарғұнана, геология және кен орындарын игеру департаменті МГКО игеру қызметінің геофизигі,

Алғыс хатпен марапатталғандар:

Гулиза Кенжеғалиева, құжаттармен қамту тобының құжаттанушысы,

Жанаргүл Булекова, жоспарлау және экономикалық талдау департаменті бақылау қызметінің аға экономисі,

Аяжан Есенжанова, қаржы департаменті қазынашылық қызметінің 2 категориялы анализигі,

Сабина Бисенғалиева, әлеуметтік саясат және әкімшілікті қамтамасыз ету департаменті әкімшілік-шаруашылық мәселелері жөніндегі бөлімнің маманы;

Мерекелік шарада ұжымның қоғамдық жұмыстарына белсене араласқан нәзік жандылар «Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ ұйымының Алғыс хатымен марапатталды.

Олар:

Гүлшат Сарекенова, қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаменті еңбек және жалақы бөлімінің бастығы,

Батиха Джантокова, өндірісті жедел басқару департаменті көлік қызметінің инженері,

Софья Алиева, құжаттармен қамту тобының жетекші аудармашысы,

Айгүл Кейкешева, орталық бухгалтериясының аға бухгалтері.

Әріптестерімізді марапаттарымен құттықтаймыз!





КӨРІСУ – НАУРЫЗДЫҢ БАСТАУЫ



14 наурыз күні еліміздің батыс өңірлері Наурыз мейрамының басы Көрісу мерекесін атап өтеді. Халық қыстан аман-есен шыққанына, көктемге аяқ басып, туыс-туған, көрші-көлеңмен жүздескеніне қуанып, қол алысып, төс қағысады. Бұл – ұрпақты татулық пен бауырмалдыққа тәрбиелеу, ізеттілік пен мейірімге баулу үрдісі. Тәрбиелік мәні терең осынау мерекені «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы да үлкен ұйымшылдықпен атап өтті.

Компания әкімшілігі мен Орталық басқару аппаратының Кәсіподақ ұйымы бірігіп ұйымдастырған мерекелік шараға кәсіпорын басшылығы, ардагер мұнайшылар, өндірістік-құрылымдық бөлімшелерден өкілдер, орталық басқару аппаратының қызметкерлері қатысты. Ақшаңқан киіз үйлер тігіліп, ұлттық киімдер киген қызметкерлердің жайдары жүзі жайнап, әуелеген сазды әуен төгілген алаңда мерекелік көңіл-күй ерекше сезілді.

Шарада ұжым мүшелерін «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан, ардагер мұнайшы Мақсым Избасов, Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бағыт Сматуллин, Кәсіподақ ұйымының төрағасы Болат Нсанбаев құттықтап, татулық, мейірімділік, ізеттіліктің нышанына айналған мерекенің ерекшелігіне тоқталды.

Мерекелік думан барысында қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері паш етілді. Атап айтсақ, Өндірістік-техникалық департаменті Ақпараттық технологиялар бөлімінің бастығы Ардақ Рахымжановтың ұлы Иманғалидың тұсауын ардагер мұнайшы Мақсым Избасов кесіп, ақ батасын берді.

Сонымен қатар, «Ең үздік ұлттық киім» байқауы ұйымдастырылып, жеңімпаз атанған еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы Салима Абитова мен геология және кен орындарын игеру департаментінің бұрғылау және ҰКЖ қызметінің жетекші инженері Тынышбек Қоныспаев сыйлықтармен марапатталды.

Бұған қоса, ұлттық ойындардан жарыстар өтіп, мыңнан озып шыққан мықтыларға да дипломдар табыс етілді.

Біртұтас үлкен ұжым өзінің ауызбіршілігінің мықты, ұлттық салт-дәстүрге берік, өнерді де спортты да қадірлейтін, өз қызметтік міндеттерін де адал атқаруға әркез дайын екендіктерін тағы бір дәлелдей алды.

Бірлік пен ізеттілікті паш еткен мұнайшылардың мейрамды жоғары деңгейде тойлағанын көріп, тойға келген қонақтар да риза болып, көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты.



НАУРЫЗ КЕЛДІ



Шадыман шаттығын жетелеп Ембі өңіріне шуақты көктем де келіп жетті. Жылда асыға күтетін жайма шуақ Наурыз биыл да табалдырығымыздан аттады. Көңілде кірбің болса, келісіп бәрін ұмытатын, жүрекке қуаныш ұяласа, бөлісіп, жер-жананды жылытатын айтулы Амал мерекесі – Көрісу күні және Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне орай «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік-құрылымдық бөлімшелерінің ұжымдары сән-салтанатпен атап өтті.

Орталық басқару аппаратынан бастау алған мәнді шара «Доссормұнайгаз», «Жайықмұнайгаз», «Қайнармұнайгаз», «Жылыоймұнайгаз» мұнайгаз өндіру басқармалары мен «Ембімұнайэнерго», «ӨТҚЖЖК» басқармаларында сәтті жалғасын тапты.

Ембілік мұнайшылардың мерекелік шарасына қатысқан Атырау облысының әкімі Махамбет Досмұхамбетов жиналғандарды Наурыз мерекесімен құттықтады. Ақ молаятын, күн мен түннің теңелетін, тіршіліктің жаңаратын, пейілдің түзелетін, көңілдің кеңейетін мейрамда басқармалардың орталық алаңдарында киіз үйлер тігіліп, үлкендер ақ баталарын беріп, ежелгі дәстүр жанданды. Мұндағы құрылған киіз үйлер той ажарын аша түскендей алыстан көз тартады. Киіз үйлердің жанында ұлттық киімдер киінген мұнайшылар мерекелік көңіл-күймен, бір-бірімен көрісіп, сәлемдесіп, той думанын қыздырып жіберген.

- Екі жылға созылған пандемиядан соң, елдің еңсесі биік болсын, Жаңа жыл жақсылықтар мен жаңашылдықтардың бастамасы болсын деген ниетпен Наурыз мерекелерін кең көлемде атап өтуді ұйғардық. Жаңа жыл баршамызға жаңа бақыт әкелсін, тыныш өмір сыйласын. Отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік тілейміз, - деп, қуаныш пен шаттықтың салтанат құрған мерекесінде мұнайшыларды компания басшылығы құттықтап, ақ лебіздерін арнады.

Ембі өндірісін өркендетудегі табысты еңбегімен үлгі болған жұмысшылар «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасымен, Басқарма төрағасының Алғыс хатымен, өндірістік басқарма бастықтарының Алғыс хаттарымен марапатталды.

Салтанатты шараларға арнайы шақырылған ембілік ардагерлер жастарға ақ баталарын беріп, жиын барысында «Үздік киім үлгілері» байқауының жеңімпаздары анықталып, сыйлықтармен марапатталды. Сонымен қатар, мерекеге орай спорттық шаралар да ұйымдастырылып, алтыбақан құрылды. Халқымызда ежелден кең өріс алған салт-дәстүрлеріміз де көрініс тапты. Алаңқайларда құрылған киіз үйлерге тұсау кесу салты өтіп, жиылған жұртшылық ашық аспан астында мұнайшы-өнерпаздардың өнерлерін тамашалады.

Ежелден келе жатқан көктем мезгілінде тойланатын бұл мерекелер – ырыстың, береке мен молшылықтың, бірліктің, бейбітшілік пен көктемгі жаңғырудың мерекесі, ол әрбір қазақстандық үшін қымбат. Қоғамда бейбітшілікті, келісімді, достықты нығайтуда оның атқарар рөлі ерекше.

Ендеше, бірліктің, татулықтың мейрамы - Ұлыстың ұлы күні Наурыз құтты болсын, әріптестер!

КҮН ИГІ!



СССР
Государственное предприятие
(ГРЭС)
ЭМБАНЕФТЬ
ПРОМЫШЛЕННОСТЬ
«ЭМБАНЕФТЬ»

ЛИТ. _____

Город: _____

Учреждение или фирма: _____

Дело: _____

от _____

до _____

Примечания: _____

№ _____



ЛИСТАЯ АРХИВНЫЕ СТРАНИЦЫ...



Форсирование нефтедобычи

В середине 20-ых годов прошлого столетия в СССР разрабатывается пятилетний план развития нефтяной промышленности, в котором большее внимание Госплан уделяет всемерному форсированному развитию Урало-Эмбинского нефтяного района. Экономисты того времени уже располагали данными геологических разведок, которые свидетельствовали о наличии среди 60 обнаруженных на то время месторождений в Урало-Эмбинском районе, месторождений с промышленными запасами нефти. Для ее извлечения необходимо было организовать промышленную разведку – глубокое бурение. В перспективе промыслы Эмбы должны были обеспечить «...известный минимум снабжения нефтепродуктами внутренний рынок в случае неблагоприятных условий снабжения ими из основных районов - Баку и Грозный...» (документ Госплана, 1927год). Доссорское месторождение, где к слову добывалась высококачественная нефть, на тот момент считалось производственной базой Эмбинского района. Однако, данное месторождение, эксплуатируемое на протяжении 15 лет, не могло служить основой для дальнейшего развития добычи в районе. Экономисты предсказывали истощение его запасов, а потому необходимо было развивать разведочные работы как в Макате, так и на месторождениях Сагиз, Ескене, Новобогат и Каратон, которые тогда уже вызвали особый интерес. Однако, развитие нефтяного дела на Эмбе требовало вложения значительных средств. Для решения этого вопроса правительство Казахстана предлагает освободить на пять лет Эмбанефть от уплаты попутного отчисления с добываемой нефти и оставить в распоряжение треста получаемую прибыль. Президиум Высшего совета народного хозяйства (ВСНХ) СССР признал это решение целесообразным. Таким образом было положено начало форсированному развитию промыслов Эмбы.

Национализация кадров

В 1927 году Центральный совет народного хозяйства КазССР предлагает тресту «Эмбанефть» составить пятилетний перспективный план подготовки квалифицированной рабочей силы из местного населения. Причем, задача перед нефтяниками ставилась конкретная: к концу пятилетки, к 1933 году процент всего числа казахских квалифицированных рабочих должен быть доведен до 75-80%. Для сравнения: в 1928-1929 годах количество казахов,

В рамках подготовки к юбилейной дате мы продолжаем рассказывать о самых интересных моментах из истории АО «Эмбаунагаз». На этот раз речь пойдет о том, как реализовывался план по форсированному развитию Урало-Эмбинского нефтяного района, и как нефтедобывающее предприятие на заре своего становления решало вопрос о национализации кадров.

освоивших горное дело и имевших квалификацию составляло 40% от общего числа, металлистов, также и как строителей было и того меньше -30%.

Нужно сказать, что объемы производственной деятельности Эмбанефти на предстоящую пятилетку исчислялись согласно плану развития добычи нефти. К примеру, в 1928-1929 годах планировалось добыть 388.000 тонн нефти, и для этого, по данным специалистов, достаточно было иметь 2277 работников. Увеличение персонала должно было составить 5%. Подобный расчет применялся и в отношении всех последующих годов.

Государственный орган, то есть Центральный совет народного хозяйства КазССР предложил свой план национализации кадров, который руководство управления нефтепромыслами посчитало нецелесообразным. Сложность реализации данного плана заключалась не только в необходимости крупных финансовых затрат. Даже при выделении нужных средств не представлялось возможным за 5 лет обучить несколько сотен человек навыкам высокой технической квалификации. К тому же, для обучения требовалась учебно-техническая база – это оборудование на нефтепромыслах специальных учебных мастерских, приобретение буровых станков для учебных целей и выделение группы буровых скважин для учебно-опытной добычи нефти обучающимися рабочими. Этот форсированный темп обучения требовал одного миллиона рублей ежегодно. Такой возможности у треста «Эмбанефть» не было.

И тогда управление нефтепромыслами предложило свой Перспективный пятилетний план потребного количества квалифицированной рабочей силы для нефтяной промышленности Урало-Эмбинского района из числа коренной национальности. Этот документ был составлен исходя из существующего темпа привлечения в производство квалифицированных казахов, по естественной убыли рабочих и служащих, и на основании имеющихся у нефтепромыслов реальных возможностей для подготовки квалифицированного персонала.

Согласно плану, выявляемая дополнительная потребность в рабочих и служащих должна была покрываться за счет молодых казахов, окончивших курсы ученичества и путем естественного-нормального перевода рабочих с низших категорий в высшие. Таким образом, по расчетам специалистов, в течение 5 лет общее число работников управления промыслами, включая административно-технический и счетно-конторский персонал, должно было достигнуть 50,6%. Решение вопроса о национализации кадров усложнялось еще тем, что большая часть местных жителей все еще отдавала предпочтение скотоводству, и работа на промыслах была для них как бы сезонной работой. Поэтому, одним из пунктов плана, предложенного управлением нефтепромыслами, было «... ослабление связи казахских рабочих с аулами, и в тоже время упрочение их связи с промышленностью, что сократило бы процесс естественной убыли...».

Подготовка молодых кадров для нефтяных промыслов проводилась в школе ФЗУ (фабрично-заводское ученичество), посредством индивидуального ученичества и профессионально-технических курсов, организованных профсоюзными организациями.

Призвание



СЛОВО О ХОРОШЕМ ЧЕЛОВЕКЕ

Совсем недавно коллектив АО «Эмбаунайгаз» проводил на досрочную пенсию (по состоянию здоровья) заместителя руководителя службы по обеспечению ТМЗ департамента планирования и организации закупок Сергея Эксузяна.

Сергей Васгенович начал свою трудовую биографию в АО «Эмбаунайгаз» (тогда объединение «Эмбанефть») в 1987 году рядовым инженером. За 35 лет добросовестной работы он внес большой вклад в развитие нефтедобывающей компании. Его жизненный путь-это образец верности выбранному делу и высокому профессионализму. Ведомственные награды, которыми был награжден С. Эксузян, свидетельствуют о высокой оценке его деятельности во благо процветания компании. На проводах на заслуженный отдых Сергею Васгеновичу был вручен адресат от коллектива АО «Эмбаунайгаз» и высказаны теплые пожелания. А сегодня ленту слов благодарности и признательности на странице нашей газеты продолжают коллеги С.Эксузяна, проработавшие с ним долгое время.

Қанатбек Қасымғалиев, Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары:

Адамгершілігі мол азамат деп бағалаймын

- Сергей Эксузянмен ұзақ жылдар бірге еңбек еттім. Онымен бірге қызмет еткен кезеңдерде байқағаным, ұжыммен тез тіл табыса алатын, мамандығын жан-жақты меңгерген, қолына алған әрбір істі сапалы атқара білетін кәсіби маман. Ембі өндірісіне қажетті тауарлық-материалдық құндылықтарды кешенді жоспарлау – біздің компанияның басымдық беретін бағыттарының бірі. Бұл орайда Ембі кен алаңдарын өндіріске қажетті жабдықтармен дер кезінде қамтамасыз етуді, материалдық-техникалық қамту жөнін

сапалы жоспарлауды біз әркез өзекті санадық. Аса жауапты міндетті кәсіби мамандардың қолдауымен жүзеге асырып та келеміз. Бұл орайда, Компанияға қарасты өндірістік - құрылымдық бөлімшелерде өндіріс саласының үздіксіз жұмыс жасауына қажетті шараларды кешенді жүзеге асыруда Сергей Васгеновичтің үлесін ерекше атап өткім келеді. Ғасырдан астам уақыт Ембі өндірісі тұрақты жұмыс жасап, негізінен байырғы кен алаңдарында өнім өндіре отырып, ел экономикасының дамуына өзіндік үлесін үздіксіз қосып келе жатуында осы Сергей

Васгенович сияқты мамандығын шебер меңгерген білікті мамандардың арқасы деп батыл айта аламын.

Уақытпен санаспай еңбек ету, өзіне жүктелген міндетті барынша жауапкершілікпен атқару, осы бағытта әріптестермен аса жоғары сыйластықта болып, олармен бір саптан табыла білу - оның болмысы, адамгершілік келбетін нықтай түсетін қасиеті. Тіпті, жұмысты сапалы да мерзіміне сай орындауда өзінің денсаулығын да аямайтын. Компания мүддесін әрқашанда жоғары қоя білетін азаматтығын қашанда жоғары қадірлеймін.

Татьяна Бреева, ветеран Эмбы:

«Я знаю Сергея Васгеновича с 1999 года, когда пришла работать в департамент маркетинга и МТС. Он был инженером, потом стал ведущим инженером. Сергей Васгенович - трудолюбив, он всегда был лидером в освоении новых программ, находился в авангарде всех нововведений, никогда не считался со временем, работал безотказно. Своими функциональными обязанностями владел на пять с плюсом: прекрасно справлялся с вопросами планирования материально-технического снабжения, своевременного и бесперебойного производственно-технического обеспечения и т.д. Всегда был готов помочь коллегам. Помню, в периоды сводных отчетов мы допоздна задерживались на работе, и тогда, Сергей Васгенович сперва выполнял ту работу, которую мы не успевали сделать, и только потом садился за свою. В отделе нас было две женщины: я и Людмила Ивановна Харитонова, и Сергей Васгенович очень трепетно к нам относился, всегда шел навстречу, помогал. И такое отношение, замечу, у него было ко всем людям. Он всегда щедро делился своими знаниями и опытом. Его любовь к людям, скромность, честность, порядочность, добросовестность, конечно же, заслуживают особого уважения. А какой Сергей Васгенович отличный семьянин! Несмотря на постоянную занятость, он всегда уделял большое внимание своим родным и близким. Знаю, что даже сейчас, будучи уже на заслуженном отдыхе, борясь со сложным заболеванием, он душой болеет за родное предприятие. Я желаю Сергею Васгеновичу скорейшего выздоровления и многих лет счастья в кругу семьи!»

Хамидолла Алхашов, Ембі ардагері:

«Біз Сергей Васгенович екеуіміз бір мезгілде ӨТҚЖЖК басқармасына бірге жұмысқа келдік. Ол алғашында құбыр және металл бөлімінің инженері болып жұмысқа тұрды. Кейіннен жабдықтар мен саймандар бөлімінің инженері, өндірістік-техникалық қамту бөлімінің инженері, комплектациялау бөлімінің аға инженері болып әр түрлі міндеттерді атқарды. Осы әртүрлі лауазымдарды атқара жүріп мамандығын шебер меңгерген білікті кадр ретінде өзін сан мәрте көрсете білді. Өндіріске аса қажетті саналатын өндірістік бағдарламаларды сапалы жасақтай білу, өндірісті тауарлық-материалдық қажеттіліктермен қамту бағытындағы жылдық сараптамаларды жинақтау, келісімшарттарды сапалы жүзеге асыру, олардың дер кезінде орындалуын бақылауда ұстау сияқты толып жатқан жұмыстарда Сергей Васгенович әр кез ортадан табыла білді. «Маман ретінде қалыптасқан» деген теңеу дәл Сергей Эксузян туралы айтқан ба дерсің. Өндіріске қажетті жаңалықтарды тез арада қабылдап, өзгерістерді күнделікті жұмыста шебер қолдана да білетін.

Сергей Васгенович өнегелі отбасының иесі, әрдайым салауатты өмір салтын ұстанады. Одан үйренетін жақсы қасиеттер көп деп есептеймін. Мен Сергей Васгеновичке алдымен мықты денсаулық, ұзақ өмір тілеймін. Отбасының қуанышы ұзақ болғай деймін».

Өнерлі мұнайшылар

Шебердің қолы алтын

Ағаштан, темірден түйін түйген, жүннен көз жауын алатындай бұйым жасаған, асыл тастардан сән бұйымдарын соққан, сүйек пен мүйізді, шиді қиынынан қиыстырған халық шеберлерінің ісі – мақтауға тұратын өнер туындысы. Әрбір сәнді дүние ойға келіп, оны іске асыру, оңай жұмыс емес екені баршаға аян. Сан түрлі әсем заттың дайындалып, жасалуының артында сан түрлі идеялардың тоғысуы, үлкен еңбек жатыр. Осыдан он жылдай ілгері кезге қарағанда қазір қолдан жасалған бұйымдардың кең тарағаны қуантарлық жағдай. Өйткені, «Қолдан жасалған бұйым» деген бренд халықты бірден елең ете қалдыратыны сөзсіз.

Бүгінде өнерімен көздің жауын алатын бұйымдар тоқып жүрген әріптесіміздің бірі – «Ембімұнайгаз» АҚ құжаттармен қамту тобының 1 категориялы маманы Гүлзира БАЛМҰХАНОВА.

Ол Сарықамыс елдімекенінде өткен балалық шағынан бастап қолынан кручокты тастаған емес. 5-6 сынып оқыған кездерінде ауыл қыздарымен жиналып, кесте сызып, токуды үйренген. Ол кезде интернет жоқ, кестені ойдан құрастырған. Үлкен өнерге жол осылай басталды.

«Әжем инемен түрлі бұйымдар тоқитын. Осы өнер бойыма әжемнен дарыған болса керек. Қазір үйренемін, ізденемін деген адамға барлық жағдай бар. Интернетте көптеген шеберлік арналары іске қосылған, соларды қараймын. Әйел адам болғандықтан, жұмыстан үйге келгенде үй шаруасы күтіп тұрады. Дегенмен, күн сайын белгілі бір уақытымды тоқымаға арнаймын. Бұл мен үшін өте маңызды», - дейді әріптесіміз Гүлзира Мақсотқызы.

Шұлық, қолғап, орамал, төсек-көрпе қапшықтарын, жұмсақ ойыншықтар мен балалар киімдерін тоқитын

қолөнер шебері бүгінде сұраныс көп екендігін айтады. Әсіресе, ойыншықтар мен балалар киімдеріне тапсырыс көп алады. Бірақ, үй шаруасы мен хоббиді ұштастыруға уақыт керек.

- Әйел затын, сұлу, нәзік, көркем, әсем, ұтқыр ойшыл, бес саусағынан бал тамған етіп жаратқан ғой! Әрбір қолөнершінің жасаған дүниелері, он саусағының икемге келуі, ойларының ұштасуы, көздерінің майы тамғанша сол дүниені мәресіне жеткенше жанын салуы өте көп нәрсені білдіреді. Міне, сол сәтте рухани ләззат аласың.

Өз басым қандай да болсын қолөнер шеберлерін сыйлаймын және мақтан тұтамын. Неше түрлі әшекейлер жасап, киізден камзол басып, алаша илеп, мақтадан жүн иіріп, матадан киім тіккен, былғарыдан қобыз жасайтын қаншама шеберлеріміз бар. Жаза берсек бұл тізімді өте көп. Атырауда да тоқыма шеберлері баршылық. Олармен жиі байланысып, өзара тәжірибе алмасып та тұрамыз. Және Youtube арнасында Елена есімді шебердің жұмыстарын жаныма жақын тартамын, - дейді ол.

Әр іске байыппен баратын қолөнер шебері жіптердің сапасына да үлкен мән береді. Көбіне Алматы Ақтөбе және Ақтау қалаларынан арнайы тапсырыспен алдырады. Идеяларын ойында пісіріп, рухани дайындалып, жұмысқа кірісетін Гүлзира Балмұханова соңғы кезде жас келіншектерге моншақталған орамал тоқуға Атырауда да сұраныс көбейіп жатқанын айтады.

Осыдан бірер жыл бұрын «Ембімұнайгаз» АҚ бас кеңсесінде дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын қайырымдылық жармеңкелерінде де Гүлзира Мақсотқызының қолынан туындаған бұйымдар көпшіліктің оң бағасына ие болған еді.

Жұмыстарында көбіне ашық түстерді – жасыл, ашық қоңыр, сары түстерді пайдаланатын әріптесіміздің алға жоспарлары өте көп. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнерін жанына серік еткен әріптесімізге біз де сәттілік тілейміз!



ХИТ ӘНДЕРДІҢ ИЕСІ - МҰНАЙШЫНЫҢ БАЛАСЫ



Соңғы кездерде еліміздің шоу бизнесінде жаңа есім шықты. Таныс болыңыздар - жас әнші Нұрболат Қанаев. Қазақ эстрадасына өзіндік қолтаңбасымен келген Нұрболат Қанаев - өзіміздің әріптесіміз, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы Терең-Өзек цехында қабат қысымын қолдау операторы Амандос Қанаевтың ұлы.



Бүгінгі таңда әлеуметтік желідегі әндерін тыңдаушылардың көптігінен алға шыққан Нұрболат Қанаевтың барлық әндері хитке айналған десек артық айтқандық болмас. Көпшіліктің ортасында Қанай деген лақап атымен кең танылған оның музыкалық білімі жоқ болса да, шоу бизнесіне өзіндік қолтаңбасын қалдырып та үлгерген жас әнші. Қазақ өнерінде сүбелі үлестері бар Майра Ильясова, Майра Мұхаметқызы жоғары бағаларын алған Қанай бүгінде өнер сахнасында эстрада жұлдыздарымен бірлесе дуэт шығарып жүр. Жоғарыда аталған екі өнер жұлдыздары Қанайдың дауысындағы өзгеге ұқсай бермейтін ерекшелікті, тембрінің жақсылығын, кез-келген музыканы 4 актіні пайдаланып, аяқ астынан ән шығаратын импровизаторлық қасиетін ерекше атап өткен болатын. Жас әншімен бірлесе дуэт шығаруға ықылас білдірушілер қатары да өсті. Сәтті де шығып жүр. Әсіресе, жаңа жылдық мереке қарсаңында Мадина Саудақасовамен болған дуэт көрермендер тарапынан жылы қабылданды. Сонымен қатар, Қанайдың «Мадам» деген күйтабағы шығып, оған «Мұңмен», «Үндеме», «Мадам» жаңа әндері кірген болатын.

Біз көрермендер көзайымына айналып үлгерген Қанай әнші туралы тереңірек білмек мақсатпен оның әкесі, мұнайшы Амандос Қанаевпен сұхбаттастық.

- Ұлымның арнайы музыкалық білімі болмаса да, бүгінде көптің көкейінен табылып жүргені маған мақтаныш сезімін тудырады. Нұрболат (Қанай) бала кезден ортада жүргенді ұнататын. Бала кезден көпшілік көңілді болды. Алғаш рет ағасының үйлену тойында ән салды. Әлі есімде, ол «Бөпешім» әні болатын. Тойға жиналған көпшілік өте жылы қабылдады. Жұртшылықтың өзіне, әніне деген жылы көңілді сезінген Қанайдың өнерге деген құлшынысы артты. Сөйтіп, 14 жасында Алматыға кетті. Менен рұқсат сұрап, «әке, өнер жолын таңдадым, Алматыға кетемін» дегенінде қарсылық білдірмедім. Себебі, ол жастайынан әжесінің бауырында өсті, әжесі екеуі бірігіп Шәмшінің әндерін қосыла айтатын. Біз бүкіл ағайын болып ұйып тыңдайтынбыз. Балам Алматыға арман қуып кеткенде, мен оның жолының болатынына сендім, - дейді мұнайшы Амандос Қанаев.

Алғашында «Жайдарман» көңілді тапқырлар клубы арқылы танылған Қанайдың бойындағы ерке қылық, көңілді қасиет әндерінен де байқалып тұрады. Оның «Ол қыз» әні кезінде аудиториясынан сыни пікірлерге ұшыраса да әлеуметтік желіде 2 миллион адамның көруімен алға шықты. «Қазақстан дауысы» жобасының 1-2 кезеңінде топ жарды. Бүгінде Қанайды көпшілік әнші, композитор ретінде таниды. Оның әндері республикалық телеарналардан тұрақты беріліп келеді. Қарапайым ауыл баласының топ жарып алға шыққан табысына алдымен риза болған әкесі-ті.

- Біз - қарапайым ғана отбасымыз. Арамызда өнер саласынан арнайы білім алған ешкім жоқ. Алайда, өнерге, әнге деген зор сүйіспеншілігіне ғана сеніп, бөтен ортаға, жат қалаға аттанғанда мен баламның таудай талабына сенген едім. Бала кезден «аспазшы боламын, сендерге түрлі дәмді тағамдар пісіремін» дейтін Қанай ұлым алғаш көңілді тапқырлар клубында өнер көрсете бастағанда-ақ бір жерден жарып шығатынына күмәнім болмаған, - дейді **Терең-Өзек мұнай-газ өндіру цехының қабат қысымын қолдау операторы Амандос Қанаев.**

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: Ұйымдастыру бөлімі
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmger.kz

Баспахана:

«Жаркын Ко» ЖШС

Мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Абая даңғ., 57/1.

Тел: +7(7172) 21-50-86.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнайжәнегазөндірудепартаментінің директоры;

Қ.Қалидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

Ж.Мұқанғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

Ғ.Қаражанова - ұйымдастыру бөлімінің жетекші маманы;

Ж.Дәуітов - «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.